



Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Филология факультеті
Қазақ тілі білімі кафедрасы
Мамаева Гүлнар Бейсенқызы
Филология ғылымының кандидаты, қауымдастырылған профессор



**Пән атауы: «Қазіргі қазақ тілінің
морфологиясы және сөзжасамы»**





Дәріс тақырыбы: Есімдік, мағыналық топтары, түрлену жүйесіндегі ерекшелігі






Қарастырылатын мәселелер:


- Есімдіктердің зерттелуі;
 - Есімдіктердің лексика-грамматикалық сипаты;
 - Есімдіктің топтары.
- 




Есімдік дегеніміз есімдердің яғни, зат есімнің, сын есімнің, сан есімнің орнына жүретін сөздер [1, 71].


Мысалы: *мен, сен, сол, кім, өзі, бері, біреу, ештеңе*





Есімдіктердің қазақ тіл білімінде зерттелуіне келсек, бұл салада Н. Сауранбаевтың («Есімдіктер»), Ш. Сарыбаевтың («К вопросу о местоимении в казахском языке»), Ә. Төлеуовтің («Қазақ тіліндегі есімдіктер») еңбектерін атауға болады.






Есімдіктер іштей мағыналық күрделі 2
жікке бөлінеді:

Заттық ұғымдағы сөздер –
субстантивтік есімдіктер

Заттың белгісі ұғымдағы
сөздер – **атрибутивтік сөздер**








Жіктеу есімдігі

Қазіргі қазақ тіліндегі жіктеу есімдіктері әрқашан белгілі бір жақты көрсету үшін қолданылады.

Мысалы, *мен* деген сөзден әрқашан тек I жақ – сөйлеуші, *сен* деген сөзден II жақ – тыңдаушы, *ол* деген сөзден III жақ – бөгде кісі



Жіктеу есімдіктерінің сөз түрлендіруші және сөз тудырушы формаларды қабылдау жүйесі

1	Жіктеу есімдіктері өзінің негізгі жақтық мағынасында қолданылғанда, тәуелдік жалғауының тек абстракциялық меншікті білдіретін түрі <i>-нікі, -дікі</i> қосымшаларын ғана қабылдайды.	<i>менікі, сенікі, онікі, біздікі</i>
2	Жіктік жалғаулары ол, олар сөздерінен өзге жіктеу есімдіктерінің бәріне де жалғана береді. Оның өзінде жіктік жалғауларының әрбір түрі өзіне тән жақтарына (жіктеу есімдіктеріне) талғай жалғанады.	<i>менмін, сенсің, біздерміз, сізсіз</i>
3	Жіктеу есімдіктерінің бәрі де септік жалғауларын қабылдай алады.	

Жекеше түрі

Атау	мен	сен	сіз	ол
Ілік	менің	сенің	сіздің	оның
Барыс	маған	саған	сізге	оған
Табыс	мені	сені	сізді	оны
Жатыс	менде	сенде	сізде	онда
Шығыс	менен	сенен	сізден	онан (одан)
Көмектес	менімен	сенімен	сізбен	онымен

Көпше түрі

Атау	біз(дер)	сендер	сіздер	олар
Ілік	біз(дер)дің	сендердің	сіздердің	олардың
Барыс	біз(дер)ге	сендерге	сіздерге	оларға
Табыс	біз(дер)ді	сендерді	сіздерді	оларды
Жатыс	біз(дер)де	сендерде	сіздерде	оларда
Шығыс	біз(дер)ден	сендерден	сіздерден	олардан
Көмектес	біз(дер)мен	сендермен	сіздермен	олармен




Сілтеу есімдіктері



Сілтеу есімдіктері меңзеу, нұсқау, көрсету мағыналарын білдіреді.



Мысалы: Мына қырқаны не деп атайды, ана төбені не деп атайды деп сұрай берсең, бір байлыққа кездеспей қалмайсың (Мүсірепов). Анау Абай ағама жүгінемін (Әуезов).



1	Сілтеу есімдіктері зат есімдердің орнына қолданылады	<i>Алдыңғы топта томпақ бет, жуан қара жігіт келе жатыр. Бұл – Елемес батырақ (Еруббаев).</i>
2	Сілтеу есімдіктері сын есім сөздердің орнына жұмсалады	<i>Биікке қада қызыл ту, Сол ту болар тірегің (Жамбыл)</i>
3	Сілтеу есімдіктері сан есім сөздердің орнына қолданылады	<i>Қырқыншы үйді ашуға келгенде, бұл үйдің кілті жоқ болып шықты (Қазақ ертегілері)</i>
4	Сілтеу есімдіктері есімдіктердің де орнына қолданылады	<i>Амантай жүріп кетті. Итбай бірдемелерді айтып еді, оны ол тыңдаған жоқ (Мұқанов)</i>
5	Сілтеу есімдіктерінің жеке етістік сөздер орнына қолданылу дағдысы кездеспейді. Бірақ оның есесіне сілтеу есімдіктері түгел бір сөйлемнің және ондағы берілген әрқилы ойлардың, іс-әрекет пен хал-жайлардың т.б. орнына қолданылады	<i>Ер-тоқымына қарасам, оның тұрманына тимепті де, тек басын кейін қаратып теріс ерттеп қойыпты. Жігіт үшін қазақ өміріндегі ең масқара жұмыс осы (Мұқанов).</i>

Сілтеу есімдіктерінің морфологиялық тәсіл арқылы жасалуы

1	Әне, міне сілтеу есімдіктеріне <i>-ки (-кей)</i> қосымшасы қосылу арқылы жасалады	<i>әнеки, мінеки</i>
2	Сілтеу есімдіктеріне <i>-ша/-ше, -шама, -шалық, -лай, -лайша</i> қосымшаларын қосу арқылы көптеген туынды үстеулер жасалған	<i>мұнша, осынша, соншама</i>
3	Жатыс септігіндегі біраз есімдік сөздер мекен және мезгіл мағыналарында қолданылып үстеу сөздер қатарына ауысқан. Ондай амал, негізінде, бұл, осы, ол, сол есімдіктеріне тән	<i>мұнда, сонда, осында, онда</i>
4	Сілтеу есімдіктеріне <i>-дай/-гі</i> қосымшалары қосылу арқылы сын есім сөздер жасалады	<i>ондай, сондай, әнеугі, түнеугі</i>

Сілтеу есімдіктерінің синтаксистік тәсіл арқылы жасалуы

Сөздердің қосарланып айтылуы арқылы

Мысалы: *анағұрлым, сонағұрлым, бүгін, әнеугүні, түнеугүні, бүйту, әйту, сөйту.*

Сөздердің бірігуі арқылы

Мысалы: *ол-пұл, анау-мынау.*


Сұрау есімдіктері




Қазіргі қазақ тіліндегі сұрау есімдіктері заттар мен құбылыстардың атын, санын, сапасын, мекенін, мезгілін, амалын тағы басқаларын білу мақсатында айтылады.



Мысалы: – *Қайда барамыз?* – *Мына көрші совхозға барамыз*
(Бегалин).



Кім? не? есімдіктері зат есімдерше түрленіп, солардай қызмет атқаратын болса, *қай?* есімдігі сын есім, есімдік сөздер сияқты, *қандай?* есімдігі – сын есім, *қалай? қайда? қайдан? қашан?* сөздері – үстеулер, *қанша? неше? нешінші? қаншасы?* сөздері – сан есімдер сияқты морфологиялық түрлену формаларын қабылдап, синтаксистік қызметтері де ыңғайлас болып келеді.



Өздік есімдіктері

Қазіргі қазақ тіліндегі өздік есімдіктері – сөйлеушіні не сөйлемдегі субъектіні өзге субстанциялар мен құбылыстардан бөліп алып көрсетуші сөздер.

Өз түбірінен тараған *өзім, өзің, өзіңіз, өзі, өз (дер) іміз, өздеріңіз, өздері* деген сөздер жатады.


Өмсалы: *Кісіге өзім қатар бас ұрмаймын, Өзім ақын, өзім сал кімге зармын... (Біржан сал)*
Бүкіл заводты бір өзің жүргізіп тұрсың ғой (Мүсірепов).

Жалпылау есімдіктері

Жалпылау есімдіктері – белгілі бір заттар мен құбылыстарды толық қамтып жиынтықтай айту үшін жұмсалатын жалпылау мағыналы сөздер.

Мысалы: *Сен бүкіл ауданның даңқын бір көтердің (Сланов). Күллі елдің жастарын әскерге жиды (Қазақ ертегілері).*

Белгісіздік есімдіктері



Заттар мен құбылыстарды, олардың сан, сапа, белгілерін, мекен, амал т.б. анық етіп ашып айтпай, көмескі түрде ғана көрсететін, яғни нұсқай көрсеткен нәрселерін нақтылы түрде атамай, белгісіз етіп айтатын сөздер.



Мысалы: *Тас оның айтқанын орындап, көзді ашып-жұмғаниша бір жерге алып келді (Қазақ ертегілері). Асқар тағыз да бірдеңе дегелі ыңғайлана беріп еді, есік алдынан тықыр естілді (Мұқанов).*


Болымсыз есімдіктер

Болымсыз есімдіктерге *еш, ешкім, ештеңе (ештеме), ешнәрсе, ешбір, ешбіреу, ешқайсы, ешқандай, бір де, бірде-бір, дәнеңе (дәнеме), түк, дым* деген сөздер жатады.

Мысалы: *Бұған бірде-бір құстың сайрағаны ұнамайды* (Қазақ ертегілері).



Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 445 б.
 2. «Қазақ тілінің грамматикасы. Морфология». – Алматы, 1967.
 3. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. – Алматы, 1992.
 4. Хасенов Ә. Тіл білімі. – Алматы: Санат, 1996.
 5. Аханов К. Грамматика теориясының негіздері: оқу құралы. – Алматы: Өлке баспасы, 2010. – 240 бет.
- 



Назарларыңызға рақмет!